"Астана қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі

Қазақстан Республикасы 010000, Астана қ., Бейбітшілік 11

Государственное учреждение "Управление образования города Астана"

Республика Казахстан 010000, г. Астана, Бейбітшілік 11

26.05.2023 №ЗТ-2023-00818273

Товарищество с ограниченной ответственностью "СК" Казстройконтракт"

На №ЗТ-2023-00818273 от 11 мая 2023 года

«СК Казстройконтракт» ЖШС Түркістан облысы Келес ауданы Абай ауылы Абдурахман би көшесі 33 11.05.2023 жылғы № ЗТ- 2023-00818273 хатқа Астана қаласының білім басқармасы Сіздің 11.05.2023 жылғы хатыңызға келесіні хабарлайды. 02.09.2019 жылғы «240 орындық балабақша» салынған объектісін пайдалануға қабылдау актісі негізінде, Нұр - Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, А 98 көшесі, 2 ғимарат мекенжайы бойынша «Л. Мирзоян және А. Байтұрсынұлы көшелерінің қиылысы ауданындағы 240 орындық балабақша» объектісі (бұдан әрі-Объект) пайдалануға қабылданды. Бұл ретте, «KEGOC» электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ Объектінің тапсырыс берушісі, «СК Казстройконтракт» ЖШС мердігері болып табылады. «Сыйға тарту шарты бойынша Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық меншігіне объектіні қабылдау туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2019.07.26 жылғы № 501-1001 қаулысымен Объектіні Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық меншігіне қабылдау туралы қаулы қабылданды. 28.08.2019 жылғы № 936/0 «Сыйға тарту шарты бойынша Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық меншігіне объектіні қабылдау туралы» «Нұр-Сұлтан қаласының «Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ басшысының бұйрығымен Объект «Нұр-Сұлтан қаласының білім басқармасы» ММ балансына берілді. «Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық мүлкін «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымына беру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2019 жылғы № 1051 қаулысымен Объект «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ меншігіне берілді. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 92 тармағына сәйкес, Уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері бюджеттен тыс қаражат есебінен қаржыландырылатын объектілер бойынша соңғы он жылдағы, оның ішінде ағымдағы жылғы құрылыс-монтаждау жұмыстары бойынша жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер мен құжаттарды электрондық депозитарийге енгізу туралы әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін мынадай шарттарды ескере отырып қарайды: 1) техникалық жағынан күрделі объектілер бойынша әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер мен құжаттар: тапсырыс берушімен (қайта ұйымдастырылған жағдайда – тапсырыс берушінің құқықтық мирасқоры) және (немесе) меншік иесі; сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын органмен не мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын органмен не құрылыс объектісі орналасқан жер бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласындағы уәкілетті органмен расталады. Бұл ретте мұндай растау әлеуетті өнім берушілердің өтініштері негізінде жоғарыда көрсетілген тұлғалардың кемінде екеуінің осындай тұлғалардың электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдалана отырып веб-портал

арқылы ұсынылған хаттарымен жүзеге асырылады. Құрылыс объектінің тапсырыс берушісінде веб-портал арқылы растау мүмкіндігі болмаған жағдайда, әлеуетті өнім беруші өтінімге одан алынған хаттың электрондық көшірмесін қоса береді; 2) бюджеттен тыс қаражат есебінен қаржыландырылатын және 2014 жылдың 1 қаңтарына дейін пайдалануға енгізілген объектілер бойынша әлеуетті өнім берушінің өтінімінде көрсетілген мәліметтер мен құжаттардың дәйектілігін: тапсырыс беруші немесе меншік иесі; құрылыс объектісінің орналасқан жері бойынша мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын орган; 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап объект пайдалануға енгізілген жағдайлада құрылыс объектісі орналасқан жерде сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы орган; 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін объект пайдалануға енгізілген жағдайларда меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға өз бетінше қабылдауына байланысты өзге де жеке және заңды тұлғалар растайды. Бұл ретте мұндай растау әлеуетті өнім берушілердің жоғарыда көрсетілген кемінде екі тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдалана отырып веб-портал арқылы ұсынылған хаттарымен осындай тұлғалардың өтініштері негізінде жүзеге асырылады. Осыған байланысты веб-портал арқылы жіберілген 15.05.2023 жылғы № 314998 сұрауыңызды растау мүмкін емес. Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабына сәйкес, Сіз әкімшілік актіні қабылдауға байланысты әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) жоғары тұрған әкімшілік органға, лауазымды адамға шағымдануға құқығыңыз бар. Жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам болмаған жағдайда әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) сотқа шағым жасалуы мүмкін. Қосымша тіркелген. Басшының орынбасары Н. Еламанов орын. А. Кулдуйсенов, тел. 557455

Жауапқа шағымдану немесе талап қою үшін QR кодты сканерлеңіз немесе төмендегі сілтеме бойынша өтіңіз:

https://i2.app.link/eotinish_blank

Чтобы обжаловать ответ или подать иск, отсканируйте QR-код или переходите по ссылке выше:

Заместитель руководителя **ЕЛАМАНОВ НАРИМАН ТАНАТАРОВИЧ**

Исполнитель:

КУЛДУЙСЕНОВ АМАНГЕЛЬДЫ АБДИКАДИРОВИЧ

тел.: 7766511011

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Жауапқа шағымдану немесе талап қою үшін QR кодты сканерлеңіз немесе төмендегі сілтеме бойынша өтіңіз:

https://i2.app.link/eotinish_blank

Чтобы обжаловать ответ или подать иск, отсканируйте QR-код или переходите по ссылке выше: